

Ресей рублі мен қазақ теңгесінің өзара өтімділігін және бағамдарын тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің, Ресей Банкі арасындағы Келісімді бекіту туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ Ж А Р Л Ы Қ Ы 1995 жылғы 16 тамыздағы N 2408

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_2-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеуде қол қойылған Ресей рублі мен қазақ теңгесінің өзара өтімділігін және бағамдарын тұрақтандыру қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің, Ресей Банкі арасындағы Келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті